

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Сарсембаева Айгерім Арманқызы

sarsembaeva.00@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Халықаралық катынастар факультеті,

Түркітану кафедрасының ІІ курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші- ф.ғ.д. Шәріп А.Ж.

Шаман – белгілі бір жанның бойында тылсым күштің көмегімен кенеттен пайда болатын, басқа «рухтармен» байланысқа түсіп, өзгелерге көрінбейтін ғажайыпты көретін астарлы күш иесі.

Шаманизм - ежелгі діни жүйелердің бірі. Ол дүниенің төрт бұрышының әртүрлі аумақтарында кеңінен таралды және бүгінгі күнге дейін әлемнің көптеген ұлттары арасында сақталды «Шаман» сөзі тұңғыс-маньчжур тілдерінен XVII ғасырда орыс ғалымдары мен саяхатшылары арқылы ғылымға еніп, соңынан жалпы терминге айналып кетті. Ю.Неметтің зерттеуіне қарағанда тұңғыс-маньчжурлардың «сам», «шам» сөздері көне түріктің «қам» сөзінің фонетикалық нұсқасы көрінеді. Орталық Азия халықтарында, оның ішінде қазақтарда, өзбектерде, түрікмендерде XIX-XX ғасырларда «шаман» атауы әртүрлі вариацияда кездесті.

Шамандар өздерінің жұмысы барысында қолданылатын белгілі бір атрибуттары болады.Бұл атрибуттар рәсім үшін қатты маңызды болмауы да мүмкін, алайда, рәсім бақсының көмекші құралдарымен одан да әсерлі әрі мәнерлі өтуіне септігін тигізеді.

Әр халықтың шамандық дәстүрлерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Осыған орай зерттеуімізде шамандық ұғымының қазақ, өзбек, түркмен халықтарындағы баламаларына тоқталып, осы халықтардың шамандық атрибуттарының ерекшеліктерін талдаймыз.Қазақтың «бақсылық» ұғымына әлемдік этнография мен фольклортануда әбден қалыптасып бекіген «шаманство» термині сәйкес келеді. «Бақсы» сөзінің этимологиясы жайында Ш.Уәлиханов, Л.Будагов, В.Бартольд, В.Радлов, Ә.Диваев т.б.ғалымдар пікір білдірген. И.Чеканинский «бақсы» түбірін «бағу» (күту,емдеу) сөзімен байланыстырған [1: 90].

Өзбек жұртында ең кең тарағаны – «бахши». Халық жыршыларын да осылай атайды. Бұған қоса, «фалбин», «палчи», «тауб» деген атаулар да жолығады. «Фолбин», «палчи» («балгер») сөздері бал ашатын адамға қатысты қолданылса, «тауб» («тәуіп») арабшадан аударғанда емші мағынасын білдіреді.

Түрікмендер «шаман»-ның баламасы ретінде «порхан» сөзін қолданады, ал оның ойынын «оюн» деп атайды [2: 94]

Қазақ, өзбек, түрікмен шамандығының ерекшелігі – оның ислам дінімен ұштасқандығы. Түркі халықтары исламды қабылдағаннан бері он ғасыр өтсе де, күнделікті өміріміздегі көптеген мәдени элементтерде күні бүгінге дейін шамандықтың қалдықтары із көрсетеді.

Әр халықта шаманның бейнесі оның атрибуттарына қарай ерекшеленеді. Бұл атрибуттар бақсылық сеанстың әсерлі өтуі үшін белгілі бір функционалдық міндет атқарады. Олар бақсының киімімен бірге рәсімнің бір бөлігін құрайды. Бақсылық

атрибулттары, оның ішінде дабыл да (даңғыра, дүңгүр), шаманизмнің бастапқы формаларында болмаған, тек уақыт өте келе көмекші құрал ретінде қолданыла бастаған.

Сібір халықтарындағы секілді, қазақ, өзбек, түрікмен арасында да музыкалық аспап басты атрибут боп саналады. Шаман өз аспабының көмегімен сарындарын айтқан, жындарын шақырған, үстіңгі және астыңғы әлемдерге сапар шеккен.

Бақсылықтың кейбір көмекші атрибуттары (мысалы, қылыш, қамшы, жебе, садақ, т.с.с.) шабуыл немесе қорғаныс құралы ретінде қызмет еткен. Сөйтіп, зұлым күштерді, кесірлі рухтарды үркіту мақсатында қолданылған [3: 278].

Қазақ бақсылары қобыз, аса таяқ, даңғыра және домбыраны пайдаланған. Мысалы, Қазақстанның Ықпал атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде сақтаулы ең көне музыкалық аспап – Жарас бақсының нарқобызы (ХҮІ ғ.). Сондай-ақ ХІХ-ХХ ғғ. өмір сүрген Зердегүл, Мекенбай, Исабек бақсылардың қобыздары да бар.

«Дала уалаяты» газетінің дерегіне сүйенсек, әр бақсының қобызы бен асасы болған. Қобызы жоқ болса, домбыра тартқан. Асаны ағаштан жасап, басына үшкір темір енгізіп, үкі таққан. Қобыздың қылын қой немесе ешкінің шегі атқарған. Қылға қарағайдың шайырын жағып тартқанда, қобыздың даусы сарнап шыққан. Қыл тағылған тобылғыны күңіреткен бақсы ең алдымен Қорқытқа сыйынып, соның күйін үйренген. Содан соң барып басқа атақты бақсылардың жын шақыратын сарындарына ден қойған [4: 342].

Бақсылар қобыз аспабы арқылы, жын-шайтандарды қуып, әруақтармен тілдесіп, екі дүниенің арасындағы дәнекер болып, болашақты болжап, ем салған. Ал ұрмалы-соқпалы, шулы-сылдырлы аспаптарды, яғни қоңырау, асатаяқ, даңғыра т.б. жындарды үркіту, қуалау мақсатында қолданылған. Әрине, ұрмалы-шулы аспаптар басқа музыкалық аспаптарға қарағанда ерте пайда болғанын ескерсек, онда бақсының рәсімдерінде қолданған алғашқы құралдары, ұрмалы-шулы аспаптар екендігіне көз жеткізе аламыз. Оның ішіндегі әрине даңғыра аспабы ерекше орын алады. Бүгінгі таңда Сібір елдері: Алтай, Хакас, Тыва т.б. бақсылары өздерінің рәсімдерінде осы даңғыра аспабын қолданып жүр.

Қобызбен қатар қазақ бақсылары қамшыны және сылдырмақты қолданған. Қазіргі уақытта да қазақтар үшін қамшы қасиетті атрибуттардың бірі болып табылады.

Қамшының бақсылармен байланысы қазіргі заманға дейін сақталған десек те қателеспейміз, өйткені қамшымен емдеу дәстүрі он тоғызыншы ғасырларға дейін жалғасып келген. Қамшы – бақсылардың асатаяққа дейін қолданған киелі құралы болған. Қамшы арқылы зұлым күштерден арылу мотиві қазақ мифологиясында көптеп кездеседі.

Пышақ, қанжар, айбалта, өткір жүзді құралдар, бақсылардың рәсімдерінде кең қолданыста болған. Сонымен қатар қажетті жағдайда шалғы, кетпен, шот, балға, балта, күрек сияқты шаруашылық құралдары да қолданылды.

Бақсылардың рәсімдерінде қолданылған қазіргі музыкалық аспаптардың классификациясын жасайтын болсақ, оған екі ұрмалы-соқпалы аспап, бір шулы-сылдырлы аспап, тілшелі және бір ыспалы аспаптарды жатқызуға болады. Ұрмалы-соқпалы аспаптар: қоңырау, даңғыра; сылдырлы-шулы аспап: асатаяқ, сылдырмақ; тілшелі аспап: шаңқобыз; ыспалы аспап: қылқобыз, нарқобыз.

Өзбек бахшиларының басты атрибуты – дойра немесе чилдырма. Оның сырты ешкінің терісімен қапталған, ішкі жағына сылдырлап, әуез беріп тұратын сақиналар бекітілген. Ешкі терісінің қолданылу себебі – қойдың терісі тым жұмсақ әрі майлы болғандықтан, дұрыс дыбыс шығармайды. Аспаптың ішкі, яғни орындаушыға қараған жағында құрбан шалынған малдың қанымен салынған сурет болған. Диаметрі шамамен 40-50 сантиметр [3: 58].

Дойраның ерекшеліктерінің бірі ретінде аспаптың ортасындағы тесіктерді айтуға болады. Әдетте аспаптың дәл ортасындағы терінің үстіне және оны айнала инемен кішкене саңылаулар жасалған. Бұл дыбыстың шығуы үшін қажет. Дәстүрлі түсінік бойынша, 40-41 саңылау мен сақина белгілі бір рухтарға бағышталған.

Бахши ойынының басында алдымен кішкене дұғасын оқып, аспабын маңдайына тигізген. Оған құрметпен қарап, ақ матаға орап сақтаған. Қазақстанның оңтүстігінде өмір сүрген өзбек бахшиларының бірқатары қазақ қобызын пайдаланған, ал кейбірі ойынын қамшының көмегімен орындаған. Былғарыны пішіндеп кесіп, айналдыра өрнектеп тесіп, маржандай жарқыратып өрімін өріп, сәндеп бояу арқылы көз қызығарлықтай етіп қамшы жасауға болады. Ал осындай келіскен қамшыны көргенде қызықпау мүмкін емес. Қамшы жасалу ерекшелігіне, қолданылған материалына, ерекше салынған өрнегіне байланысты тобылғы қамшы, сарыала қамшы, ырғай сапты қамшы, шашақты қамшы деп түр-түрге бөлінеді. Қамшы мынандай бөліктерден тұрады: сабы, өрімі, алақаны, бүлдіргісі, сақинасы, шашағы, өзегі, түйіні, шырмауығы. Осылардың ішінде қамшының сабына ерекше көңіл бөлінеді. Оны тобылғыдан, ырғайдан, еліктің, киіктің сирағынан немесе таутекенің мүйізінен жасайды.

Кейбір деректерге сүйенсек, қамшы – ат қамшы, дырау қамшы, дойыр қамшы, дүре қамшы, ұзын қамшы секілді тағы да басқа бірнеше түрге бөлінеді.

Әрбір қазақ шаңырағы қамшыны әрі қару әрі қастерлі мұра санаған. Қазірде де көп үйдің төрінен ілулі тұрған қамшы көреміз.

Түрікмен порхандары көбіне өздері музыкалық аспап қолданбайтын. Әдетте оларға көмекші ретінде басқа адам дутарда ойнайды. Түрікмендер екі шекті музыкалық аспабы – дутарды айрықша қадірлеген.

Дутар түркі халықтарының (өзбек, түрікмен, тәжік, ұйғыр) шертіп, қағып ойналатын екі ішекті музыка аспабы. Дутар екі түрлі әдіспен – тұтас ағаштан ойылып және құралып жасалған. Соңғысын өзбектер “қабырға дутар” деп атайды. Дутардың мойны ұзын болады. Сондықтан оның дыбыстық қатары ауқымды, олар хроматикалық жүйемен орналасқан. Дутар сол қол саусақтарымен перне басып, ал оң қолмен қағып немесе саусақтармен шертіп тартылады. Танбур, домбыра аспаптарына қарағанда Дутардың өзіндік орындау ерекшеліктері де бар.

Қазақ бақысылары пышақты атрибут ретінде сирек қолданған болса, ол бахшилардың жалғыз көмекші құралы болған. Түрікмендер пышақтың орнына, одан да үлкен қару – қылышты қолданған. Пышақтың да, қылыштың да еш айырмашылығы жоқ, олардың басты қызметі – жындарды қорқытып, қуу.

Қорыта келгенде, әр халықтың бақысыларының кеңінен қолданған өз музыкалық аспабы болған: қазақтарда – қобыз немесе домбыра, өзбектерде – чилдырма немесе дойра, түрмендерде – дутар. Қосымша және де бәріне ортақ атрибуттарға пышақ, айна, қамшы, т.б. бірқатар заттар жатады. Атрибуттар әртүрлі болса да, қолданыстық мақсаты бір – зұлым рухтармен күресу, адамды емдеу және қорғау.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Абылқасымов Б. Телқоңыр. – Алматы: Атамұра, 1993. – 160 б.
2. Басилов В.Н. Пережитки шаманства у туркмен-гёкленов // Древние обряды, верования и культы народов Средней Азии: Историко-этнографические очерки. – М.: Наука, 1986. – С. 94-110.

3.Басилов В.Н. Шаманство у народов Средней Азии и Казахстана. – М.: Наука, 1992 .– 328 с.

3.Дыренкова Н.П. Тюрки Саяно-Алтая. Статьи и этнографические материалы. – СПб.: МАЭ РАН, 2012. – 408 с.

4.«Дала уалаятының газеті». Құрастырған – Ү.Сұбханбердина. – Алматы: Ғылым, 1994. – 816 б.

УДК – 81

“КӨРОҒЛЫ” ДАСТАНЫНЫҢ ӘРТҮРЛІ НҰСҚАЛАРЫНДА САЛТ-ДӘСТҮРДІҢ КӨРІНІС ТАБУЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЫ

Серік Аяулым Айдынғалыйқызы

royal.rose@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ІІ курс магистранты
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к. доцент Мұсабекова Ү. Ә.

“Көроғлы” дастанында әртүрлі тарихи кезеңдерде өмір сүрген адамдардың әлеуметтік-философиялық ойлауының, өмір сүру салтының ерекшеліктері көрініс табады. Ал Орта Азия – ежелгі мәдениеттің ошағы. Орта Азия халықтарының мәдениеті жақын, әсіресе олардың бірге тұратын аудандарында әдеби, тарихи байланыстар кеңінен байқалады. Олардың мәдениеттерінің ортақ байланысы бұл халықтардың қалыптасу тарихына байланысты. Тәжік академигі Б.Г. Гафуров бұл туралы: “Тарихтағы кез келген белгілі мәдениет, шын мәнінде, әртүрлі халық мәдениетінің ең жақсы синтезі”, - деген пікірін білдіреді [1: 1].

Эпос ХІХ ғасырда зерттеле бастады, бірақ ең алғашқы зерттеулер жырдың нұсқаларын талдау және басқа тілдерге аударуға негізделгенін айта кету керек. Ал ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап эпосты зерттеу филологиялық, этнографиялық, тарихи-салыстырмалы аспектілерде жүргізілді. Олардың ішінде П. Кичигулов, Н. Аширов, Б.А. Карриев, И.С. Брагинский, В.М. Жирмунский, М.О. Әуезов, С.А. Қасқабасов секілді зерттеушілер жырдың Орта Азия циклінің нұсқаларын талдады.

Эпосты зерттеушілердің көпшілігі оның нұсқаларын батыс және шығыс деп бөледі. Оларда басты кейіпкер – батыл жауынгер, музыкант, қысым жасаушыларға қарсы күресетін және барлық жорықтарда жанынан табылатын тұлпарымен бірге жүретін Көроғлы. Олардағы негізгі айырмашылықтар сюжетте, көркемдеуіш және бейнелеуіш құралдардың қолданылуына, жанама кейіпкерлердің болуында байқалады. Шығыс тармағына түрікмен, өзбек, тәжік, қазақ, қарақалпақ жатады. Бұл нұсқалардың барлығының ерекшелігі өте жақын сюжеті және кейіпкерлердің бейнелерінің ұқсастығының болуында. Жырдың түрікмен версиясында қырық төрттен аса нұсқа бар [2: 111]. Көроғлының жарқын бейнесі халықтық идеалды бейнелейді. Бұл жырда ол батыр, қорғаушы, әрі әнші-музыкант. Сонымен бірге ол қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Басты кейіпкердің қарапайымдылығы оның жырдың басқа кейіпкерлерімен қарым-қатынасында да байқалады. Үлкен істі бастамас бұрын Көроғлы әдетте үлкендермен, достарымен кеңесіп отырған [4: 172-173].